



Аты-жөні: *Нұрпейісқызы Зере*

Туған жылы: *25.07.2000ж.*

Жасы: *16*

Мекен-жайы: *Хромтау қаласы Жеңіс даңғылы
8-28*

Мектебі: *№6 Хромтау гимназиясы*

Ұлты: *қазақ*

Қызығушылығы: *әдеби шығармалар оқу, өлең
шығару.*

Пән мұғалімі: *Керимова Гүлжазира Есенбекқызы*

Ұстазь

(Класс жетекшім, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Керимова Гүлжазира Есенбекқызына)

Ұшу білмес балапан ем, қатаймаған қанаты,
Діріл қаққан жас жүрегі, сырға толы жанары
Сонда бір жан: "Қызым, талмай самға, - деді, - биікке!",
Бүгін міне қарлығашпын жыр елінің көгінде.

Білесіз бе?
Ол кім болды?
Қара түнек арасынан жарық болып жарқ еткен,
Жығылғанда мың қайтара күресуді үйреткен.
Жүректегі сезімді жібек жыр ғып өрейін,
Қылқаламсыз суретіңді сөзбен салып көрейін.

Ол-шамшырақ,
Өзі сөніп, жағатұғын өзге жанның шырағын.
Ол-мұзбалақ,
Құзға қонған қырағысы текті, өжет қыранның.

Ол-кермиық,
Паң, сұлуы кең көсілген жазирадай даламның.
Ол-мың жұмбақ,
Құпиясын тілсіз сезім, асау жүрек ұғатын.

Ол-ғажайып,
Сол ғажапты шын сезгеннің көзі ғана көреді.
Ол-бір ғайып,
Ондай жандар бұл өмірге бір-ақ рет келеді.

Ол кім болды?
Ол-ұстаз,
Біз-қан тамыр, қуат берер ол-жүрек.
Ол-баспалдақ,
Қадам бастық, ол мәңгілік тұр демеп.

Ол-саябақ,
Жан сарайы тылсым әлем, тым бөлек.
Ол-бір өмір,
Мың өмірді жалғайтұғын күдірет.

Қайран ұстаз-мәңгі өлмейді, сәулесі еш сөнбейді,
Әрбір айтқан нұрлы сөзі санамыздан өшпейді.
Гауһар-жақұт, лағыл ойлар, сырлы-сұлу сөздер де
Ұмытылмас бейнеңізді суреттеуге жетпейді.

Жыр еліне жетелеп ең, тұсауымды сен кестің,
Сөзбен сурет салуды да, ұстаз, сізден үйрендім.
Ең алғашқы көрген күннен бағам дайын, мен сізді
"Ұстаздыққа бар жүрегін арнаған жан"-деп білем!